

**ХАЛЫҚАРАЛЫҚ
ҚҰҚЫҚ****МЕЖДУНАРОДНОЕ
ПРАВО****INTERNATIONAL LAW**

ӨОЖ-327.3

¹А.А. Исмаилов, ²Л.К. Омарбаева, ³Е.Е. Тулендиев*

¹М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті, з.ғ.к,
Қазақстан, Шымкент қ.²М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті, Қазақстан, Шымкент қ.³М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті, магистрант, Қазақстан, Шымкент қ.

*E-mail: Atahozha.@mail.ru

**Халықаралық ұйымдардың халықаралық
құқық нормаларын қалыптастыру қызметінің дамуы**

Ғылыми жұмыстың мақсатына сәйкес халықаралық ұйымдардың халықаралық құқық нормаларын қалыптастыру үрдісінің даму тенденциясының мәні қарастырылды. Халықаралық құқық нормаларын қалыптастырудағы халықаралық ұйымдардың рөлін толық зерттеу үшін, құқық шығармашылық және құқықты құру (құқықты қалыптастыру) терминнің мазмұны анықталды.

Халықаралық ұйымдар халықаралық құқық шығармашылық үрдісінде өте маңызды рөл атқарады және өте ерекше орын алады. Халықаралық құқықтың басқа да субъектілері секілді халықаралық ұйымдар юрисдикциялық нормаларды қалыптастыру үрдісіне қатысады. Сонымен қатар халықаралық ұйымдар, формализацияның қажетті элементін енгізіп, қалыптасқан орталықтандырылмаған халықаралық құқық шығармашылық үрдісі үшін, процедуралық шектерді анықтай отырып өте маңызды қызметті атқарады.

Түйін сөздер: құқық нормалары, халықаралық ұйымдар, даму, үрдіс.

А.А. Исмаилов, Л.К. Омарбаева, Е.Е. Тулендиев

**Тенденции развития процесса формирования международных правовых норм
международными организациями**

В соответствии с целями научной работы рассматриваются значения тенденции развития процесса формирования международных правовых норм международными организациями. Для полного исследования роли международных организаций в формировании международных правовых норм были определены содержания терминов правотворчества и создания права (формирование права).

Международные организации играют очень важную роль в процессе правотворчества. Как иные субъекты международного права, международные организации участвуют в процессе формирования юрисдикционных норм. Также международные организации, внедряя необходимый элемент формализации для сформированного децентрализованного процесса международного правотворчества, определяя процедурные ограничения, осуществляют важную службу.

Ключевые слова: нормы права, международные организации, развитие, процесс.

A. A. Ismailov, L. K. Omarbaeva, E. E. Tulendy

**Trends in the development process of the formation of international legal norms
international organizations**

In accordance with the aims of the advanced study the values of progress of process of forming of international legal norms international organizations trend are examined. For complete research of role international to organization in

forming of international legal norms, maintenances of terms of legal work and creation of right (forming of right) were certain.

International organizations play a very important role in the process of правотворчества and have a very important place. As another international legal subjects international organizations participate in the process of forming of jurisdiction norms. And also inculcating international organizations necessary element of formalization, for the formed decentralized process of international legal work determining procedural limitations carry out important service.

Key words: norms of right, international organizations, development, process.

Осы мақаланың негізгі мақсаты халықаралық ұйымдардың халықаралық құқық нормаларын қалыптастыру үрдісінің даму тенденциясына мән бере отырып, ХХІ ғасырға таман қалыптасқан халықаралық-құқықтық қатынастардың даму бағыттарын белгілеу болып отыр. Іс жүзінде, көрсетілген бөлім келесі тарауына кіріспе ретінде қарастырғаны дұрыс.

Халықаралық құқық шығармашылығының жалпы құқықтық фундаменталды тұжырымдамасын құруы құқық шығармашылығын жеке құбылыс ретінде әрекетті және қорытынды нәтижені зерттегенінен кейін ғана мүмкін болады, нақ осы екі құқық шығармашылық үрдісінің негізгі бөліктері оның салыстырмалы аяқталған циклын құрайды, одан кейін осы ретімен де басқа да циклдер орын алады [1].

Құқық шығармашылық үдісінің салыстырмалы аяқталғандығы алдымен оның реттілігінде және тұрақтылығында жатыр. Құқық нормасының құрылуына дейін құқық шығармашылық факторларының сараптамасы, құқықтық реттелуге жататын халықаралық қатынастарды тану үрдісі жатады. Объективті шындықты, не айғақты тану құқық шығармашылық үрдісінің бастапқы кезеңі немесе бірінші кезеңі болады. Осыдан кейін заң актілерінің қабылдану тәртібін анықтайтын сәйкес құқық шығармашылық процедураларын белгілеу арқылы халықаралық құқықпен толық реттелетін құқық нормасының өзін құру кезеңі басталады. Ескерте кететін жағдай – тану кезеңінен тікелей әрекетке өту үдісінің күрделі болуы.

Халықаралық құқық шығармашылығына көптеген субъектілер қатысуда, оның әр қайсысы қалыптасқан халықаралық-құқықтық жағдайының объективті шындығын ескере отырып, өзінің позициясын қорғайды. Осыдан шығатын қорытынды, құқық құру әдісін анықтау бойынша бірінші қадамдары – алғашқы келіссөздері өзара тиімді компромисстерді іздеуімен тікелей байланысты [2].

Құқық шығармашылық қызметінің қорытындысы құқықтың танылған қайнар көзі ретінде

және танылған құқық актісі тұрпатында қалыптасқан құқық нормасы болып табылады. Сонымен қатар, әрбір құқықтық актісі басқа құжаттары мен құқықтық нормаларымен белгілі бір өзара байланыста және қарым-қатынаста болатын күрделі жүйені құрайды. Қысқаша түрде құқық шығармашылық үрдісі осындай болады.

Құқық шығармашылық және құқықты құру (құқықты қалыптастыру). Халықаралық құқық нормаларын қалыптастырудағы халықаралық ұйымдардың рөлін толық зерттеу үшін, осы екі терминнің мазмұнын анықтау қажет. Негізінен, осы екі түсініктеме өзінің мәні бойынша бір-біріне өте ұқсас болғанымен олардың мазмұны толығымен бірдей немесе идентикалық деп айтуға болмайды. Құқықты қалыптастыруға құқықтық нормаларын құрастырудың толық үдісі кіреді, бұл көлемі бойынша кеңірек ұғым болып табылады. Құқықты қалыптастыру – құқық шығармашылықпен салыстырғанда ұзағырақ және толығырақ құқықтың пайда болуына өз әсерін тигізетін объективті және субъективті факторларды біріктіретін үрдіс.

“...Өзінің мазмұны бойынша құқық шығармашылық құқық қалыптастырудың қорытынды, конститутивті кезеңі болып табылады... [3]”.

Халықаралық құқықтың құқық шығармашылық қызметінің нәтижесінде қажеттіліктер мен құқық құрастырушы факторлар халықаралық-құқықтық нормаға айналады, заңды шындықтың пайда болуына алып келеді.

Құқықтың жалпы теориясында құқық шығармашылық терминінің мазмұны келесіде ашылады – объективті түрде шартталған құқықты қалыптастырудың қорытынды үрдісі, құқықтық нормалардың құрастырылуына, олардың кейінгі дамуына, өзгертілуіне және заң күшінен айрылуына бағытталған мемлекеттің қызметі. Анықтама берудегі үлкен айырмашылықтарына қарамастан осы түсініктемені Кеңес Одағы кезінде қалыптасқан құқық теориясында негізгі болып табылады [4].

Халықаралық құқық шығармашылық халықаралық құқық құру үрдісінің қорытынды, конститутивті бөлімі деген тезиске негізделі отырып, халықаралық құқық шығармашылықты құқықты құру үрдісі кезеңінің қорытындылайтын жүйеленген әрекеттер тобынан тұратын құбылыс ретінде анықтауға болады. Өз кезегінде халықаралық құқық шығармашылық үрдісі екі кезеңнен тұрады: халықаралық құқық субъектілерімен құқық нормасының мазмұнын келістіру негізінде құрастыру және құрастырылған нормаға юридикалық заң күшімен қамтамасыз ету. Халықаралық ұйымдар халықаралық құқық шығармашылық үрдісінде өте маңызды рөл атқарады және алатын орыны өте ерекше. Біріншіден, халықаралық құқықтың басқа да субъектілері секілді халықаралық ұйымдар юридикалық нормаларды құрастыру үрдісіне қатысады. Сонымен қатар халықаралық ұйымдар, формализацияның қажетті элементін енгізіп, қалыптасқан орталықтандырылмаған халықаралық құқық шығармашылық үрдісі үшін процедуралық шектерді анықтай отырып өте маңызды қызметті атқаруда.

Халықаралық құқықтың ерекше бір белгісі – субъектілердің өздерінің құқық нормаларын құрастыруы болып отыр. Халықаралық құқық субъектісінің құқық шығармашылық үрдісіне қатысуы – құқықтық мәртебесінің бір белгісі ретінде оның құқық субъектілігінің көрінісі. Ресейлік халықаралық құқық маманы Е.Т. Усенко белгілегеніндей:

“...Халықаралық құқық шығармашылық үрдісіне қатысу қабілеттілігі халықаралық құқықтың кез-келген субъектісінің сипаттаушы белгілерінің бірі болып табылады, яғни оның құқықтық мәртебесінің ажырамас бір негізгі элементі. Осы құқық қабілеттілігі халықаралық-құқықтық мәртебесінің маңызды элементі және халықаралық ұйымдардың халықаралық құқық субъектісі ретінде анықтайды...[5]”.

Әрбір халықаралық құқық субъектісінің құқық шығармашылық үрдіске қатысу деңгейі, әрине, бірдей емес. Халықаралық құқықтың мәні мемлекетаралық құқығы болып табылады. Осы себептен халықаралық құқық нормаларын құрастыру үрдісінде ең маңызды орын алатын халықаралық құқық субъектісі міндетті түрде тәуелсіз егеменді мемлекеттер болып табылады. Олар, яғни мемлекеттер, халықаралық құқықпен қарастырылған барлық міндеттер

мен құқықтарға ие. Нақ осы халықаралық құқық субъектілері толық құқық субъектілігін иеленеді, соның ішінде халықаралық құқық нормаларын құрастыру үрдісіне қатысуға, оларды толықтыруға және өзгертуге толық құқығы бар.

“...Бірінші дүниежүзілік және әсіресе екінші дүниежүзілік соғыстан кейінгі кезең ішінде халықаралық құқықты дамытуда және халықаралық құқықтық нормалардың сақталуын қамтамасыз ету үрдісінде халықаралық ұйымының маңыздылығының өсу тенденциясы байқалуда...[6]”.

Сонымен, халықаралық ұйымдардың халықаралық құқық нормаларын қалыптастыру үрдісіндегі даму бағыттарын белгілеу мақсатында, Қазақстан Республикасы үшін өте маңызды келесі бір ұйымының даму жолын қарастырған жөн яғни, Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы (ТМД).

Кеңес Одағындағы саяси, экономикалық, әлеуметтік мәселелер сексенінші жылдардың ортасында өз межесіне жетіп қайта құру үрдісінің қажеттілігін туындатты. Қайта құру мен жариялық Кеңес заманындағы қоғамның саяси, әлеуметтік-экономикалық өмірінің көлеңкелі жақтарын анықтап, аша бастаған. “...қоғамдық өмірдің барлық салалары терең дағдарысқа тірелген еді...[7]”, яғни бұл заңсыздық пен күштеу, сол сияқты басқарудың әкімшілік-командалық әдістеріне қарсы қойылған жауап ретінде болатын. Кейін, 1991 жылдың тамыз айында Мәскеу қаласында орын алған көтеріліс, КСРО туралы жаңа одақ шартының болашағын жоққа шығарды. Бұл кезеңде бұрынғы Кеңес Одағы республикаларының бір қатары өз егемендіктері мен тәуелсіздіктері жайында ашық жариялай бастаған болатын. Республикалардың егемендік үрдісінің дамуына федеративтік одақты бір орталықтан басқарылатын әкімшілік ұйымға әдейі қолдап айналдыру да өз әсерін тигізді [8].

Қазақстан Республикасының атакты заңгер ғалымдарының бірі С.З. Зиманов мынадай анықтама ұсынады: егемендік – мемлекеттік-құқықтық ұғым ретінде мемлекеттің ішкі және сыртқы істерін шешудегі жоғарғы биліктің тәуелсіздігін және дербестігін білдіреді. Бұрынғы Кеңес Одағы республикалардың егемендігіне қатысты әдебиеттер аз емес. Дегенмен бұл еңбектерде егемендік мәселесі сол заман тұрғысынан, яғни одақ федерациясы

жағдайындағы КСРО мен одақтас республикалар егемендігінің тұтастығы тұрғысынан қарастырылды. Кеңес Одағы кезеңінде “егемендік пен тәуелсіздік” мәселелерінің сол заман талабына сай зерттеліп жазылу себебі, қатаң мемлекеттік бақылау (цензура) болғанына бірден-бір айғақ деп түсінуге болады. Кеңес Одағы ыдырап республикалар өз тәуелсіздіктеріне қол жеткізіп егемендіктерін жариялаған уақыт ішінде бұл тақырыптарға қатысты шынайы да әділ жазылған еңбектер көп [9].

1991 жылдың 21 желтоқсанында Алматы қаласында КСРО республикаларының 11 басшысы (Литва, Латвия, Эстония және Грузия қатыспағанды) Алматы Декларациясы мен ТМД құру туралы келісім хаттамасына өз қолдарын қойды. Кейін ТМД-ға мүше-мемлекет ретінде Грузия қосылды. Сол кезден бастап қазіргі кезге дейін ТМД-ға мүше-мемлекеттердің саны – 12 болды.

ТМД тарихында жаңадан пайда болған тәуелсіз мемлекеттердің саяси, экономикалық егемендігі мен дербестігін халықаралық-құқықтық рәсімдеу сатысы нәтижеге ұласты, яғни ТМД-ға мүше-мемлекеттердің барлығы да халықаралық құқық субъектісі болып танылады. Бұл мемлекеттердің ТМД шеңберінде қарым-қатынас жасауларына саяси, экономикалық және құқықтық негіздер де қаланды.

ТМД-ға 12 мемлекет мүше болып табылса да, оның шеңберінде қабылданған келісімдер мен шешімдердің күші тек бұл құжаттарды мақұлдаған және бекіткен елдер үшін ғана өтімді.

ТМД-ның құрылуына құқықтық негіз ретінде үш құжат аталуда. Оларға: Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығын құру туралы Беловеж (1991 жылдың 8 желтоқсанындағы) келісімі, сол жылдың 21 желтоқсандағы осы келісімге деген хаттама және Алматы Декларациясы жатады. Төртінші құжат ретінде 1993 жылдың 22 қаңтар жұлдызында қабылданған ТМД жарғысы көрсетілуде.

ТМД – халықаралық аймақтық ұйым болып табылады. Біріншіден, белгілі бір мемлекетаралық қатынастарға қатысты, екіншіден, қатынастар белгілі кеңістікте (ТМД кеңістігі) жүзеге асуда, үшіншіден, БҰҰ жарғысының 52-бабына сай, аймақтық ұйымдар аймақтық әрекеттерге жататын бейбітшілік пен қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін құрылады.

ТМД елдерінен Еуразиялық Одақты құру идеясын Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаев 1994 жылдың 29 наурыз жұлдызында М. Ломоносов атындағы Мәскеу мемлекеттік университетінің оқытушылары мен студенттерімен кездесуінде ұсынған болатын. Ал 1994 жылдың маусым айында Қазақстан баспасөз беттерінде Н.Ә. Назарбаев қол қойған Еуразиялық Одақтың (ЕАО) жобасы жарияланды [10].

Ондағы негізгі мақсат – экономикалық реформаларды жүзеге асыру мақсатында мүше-мемлекеттер орындауға міндетті болып табылатын ортақ бағдарламаларды қабылдау, оның іс жүзінде іске асырылатын қадағалау және ортақ экономикалық саясатын келістіру.

Сонымен, жалпы қорытынды беретін болсақ, халықаралық ұйымдардың пайда болу фактісі бірден құқық шығармашылықтағы жаңа және маңызды бастамасына айналды, өйткені мемлекеттер олардың конституциялық механизмін тұрақсыз түрде шақырылатын конференциялардың орнына құқық нормаларын құру бойынша тұрақты форум ретінде пайдалана бастады [11].

Нәтижесінде, көпжақты халықаралық келісім шарттарын құрастыру үрдісі әлдеқайда жедел әлдеқайда әмбебап үрдісіне айналды. Осы жерде кейбір артықшылықтарын көрсетіп жіберуге болады. Біріншіден, өзінің құзыр аясына қатысты халықаралық қатынастарды және мемлекеттердің позицияларын үнемі зерттей отырып халықаралық ұйым басқа кезкелген құрылымға қарағанда шарт мәтінінің жобасын жасау не дайындау қажеттілігі туралы ақпаратқа ие. Екіншіден, ұйымға мүше-мемлекеттердің өкілдері арасындағы консультациялар мен өзара әрекеттесу үрдісінің тұрақтылық және перманенттілік сипаты көп жағдайда заңи ниетінің анықталуына және құрылуына, кейін конвенцияның алғашқы жобасының дайын болуына жағдай жасайды. Үшіншіден, тікелей келісімшарттың өзін дайындау және зерттеу мәселесімен айналысатын органы ретінде секретариаттың маңыздылығы өте зор. Төртіншіден, халықаралық ұйымдардың эксперттік сараптамасын жасайтын тәжірибелі жоғары мамандандырылған ғалымдарды және қызметкерлерді тұрақты немесе мерзімді негізінде шақырып алу мүмкіндігі бар.

Құрамында орын алып отырған ережелердің маңыздылығы бойынша жалпы көп жақты шарттар даусыз түрде халықаралық құқық ең маңызды нормаларды құрастырудың негізгі әдісі ретінде құқық шығармашылық процесінің “жүрегі” болып табылады.

Әрине, ең дамыған және күрделі құқық шығармашылық аппаратына ие халықаралық ұйым БҰҰ болып табылады. Алғашқы ретте міндетті түрде БҰҰ-ның халықаралық құқық Комиссиясын атап көрсету керек. Осы аталған орган қызметінің негізгі нысаны – келісім баптарының жобасын құрастыру, кейін олардың негізінде көп жақты конвенциялар қабылданады. Көрсетілген органның функциясы нақты БҰҰ-ның халықаралық құқық Комиссиясы туралы ереженің 15-бабында бекітілген, яғни халықаралық құқықпен әлі реттелмеген немесе жеке мемлекеттердің тәжірибесінде құқық саласында толық реттелмей қалған мәселелер бойынша конвенцияларды дайындау қызметі.

“Құқық шығармашылығының пәні ретінде белгілі бір қоғамдық қатынастарды таңдап алу мәселесі күрделі мәселелерінің бірі деп те атауға болады. Құқық шығармашылық үшін қарым-қатынастарын таңдау мәселесі жеке зерттеу ізденістің заты ретінде қарастырылуда, осы ізденістің нәтижесінде орын алып отырған объективті шарттар, қажеттіліктер мен мақсаттарға сәйкес құқықтық реттелуге жататын көптеген байланыстар ішінде ең маңыздылары бөлінеді... Бірақ, кейбір жағдайда реттелуді көздейтін қарым-қатынастың қажеттілігін оны жеке зерттеген кезінде ғана көруге болады...”

Көптеген халықаралық ұйымдарда халықаралық құқық Комиссиясымен қатар басқа да комитеттер конвенциялар мен келісімдерді дайындау процесіне қатысып отыр. Олардың арасында бас органның тұрақты комитеттерімен қатар басқа да уақытша немесе мерзімді органдар құрылуы мүмкін. БҰҰ-ның құқық шығармашылық тәжірибесі шарттық түрінде

дайындалатын жеке мәселелер өз бетінше қызмет атқарып отыратын бас комитеттерінің жұмысының жеткіліксіз дамығандығын көрсетті.

Сонымен халықаралық ұйымдар, оның түріне қарамастан, яғни ол халықаралық үкімет аралық немесе халықаралық үкіметтік емес ұйым болсын, қазіргі таңда қалыптасқан халықаралық құқыққа тигізетін әсері өте үлкен. Осы тарау шеңберінде, негізінде, әрине БҰҰ халықаралық ұйымының мысалында ұйымдардың ішкі тәртібін қарастырылды. Жалпы бүгінгі күнге орын алып отырған халықаралық ұйымдар санына байланысты халықаралық үкіметтік емес ұйымдардың маңыздылығы артылуда, және осы айғақты ескермеуге болмайды. Біздің ойымызша, болашақта осындай халықаралық ұйымдарды міндетті түрде халықаралық құқықтық нормаларын қалыптастыру үрдісіне қатыстыру керек. Осы жерде ескере кететін бір жағдай, қалай болса да халықаралық ұйымдардың көп болуына байланысты толығымен құқық нормаларын өз бетінше қабылдау мүмкіндігін бермеу керек, яғни халықаралық нормативті-құқықтық актілердің сапасына кері әсерін тигізуі мүмкін.

Кез-келген халықаралық ұйым көлемінде ішкі құрылымын бекітетін құжат орын алуда. Көбінесе халықаралық үкіметаралық ұйымдарда осындай құжат құрылтайшы актісі немесе жарлық болып отыр. Әрине, осы мәселені зерттеу кезінде халықаралық ұйымдардың құқық шығармашылық үрдісіне тигізетін әсері өте үлкен екенін байқауға болады.

Жалпы атап айтқанда, біріншіден, мемлекет, халықаралық құқықтың негізгі субъектісі ретінде, халықаралық құқық нормаларын қалыптастыру үрдісіне халықаралық ұйым арқылы қатысу мәселесі және екіншіден, халықаралық ұйымдармен қалыптастырылған халықаралық құқық нормаларының міндетті күші мәселесі магистрлік жұмысымыздың мәнді бөліктерінің бірі болып табылады.

Әдебиеттер

- 1 Керимов Д.А. Методологический аспект правотворчества // Вопросы философии, 1975. – №5. – С. 108-118.
- 2 Керимов Д.А. Правотворчество. Теория и законодательная техника. – М.: Прогресс, 1974. – С. 64-65.
- 3 Алексеев С.С. Общая теория права. – Т. 1. – С. 308-309.
- 4 Алексеев С.С. Проблемы теории права. – Т. 2. – С. 5.
- 5 Усенко Е.Т. Совет экономической взаимопомощи – субъект международного права. – М.: Наука, 1980. – С. 34-35.
- 6 Тункин Г.И. Теория международного права. – М., 1970. – С. 273-274.

- 7 Сартаев С.С., Тастанов Ш.Ю. Диалектика демократии и прогресса // Вестник КазНУ. Серия юридическая. 1997. – №4. – С. 55.
- 8 Зиманов С.З. Теория и практика автономизации в СССР. – Алматы, 1998. – С. 131.
- 9 Ким В.А., Ким Г.В. Основы конституционного права Республики Казахстан. – Алматы, 1998. – С. 11-16.
- 10 Евразиялық одақ жобасы // Егемен Қазақстан – 16.06.1996, 1-2 бет.
- 11 American society of International Law. Proceedings of the 77th Annual Meeting. Washington, 1985. – P. 194.

References

- 1 Kerimov D.A. Methodological aspect of legal work. Questions of philosophy, 1975. – №5. – P. 108-118.
- 2 Kerimov D.A. Legal work. Theory and legislative technique. – М.: Progress, 1974. – P. 64-65.
- 3 Alekseev S.S. General theory of right. – Т. 1. – P. 308-309.
- 4 Alekseev S.S. Problems of theory of right. – Т. 2. – P. 5.
- 5 Usenko E.T. Advice of economic mutual help is an international legal subject. – М.: Science, 1980. – P. 34-35.
- 6 Tunkin G.I. Theory of international law. – М., 1970. – P. 273-274.
- 7 Sartaeв S.S., Tastanov S.Y. Dialectics of democracy and progress. Announcer KazSU series are legal №4, 1997. – P. 55.
- 8 Zimanov S.Z. A theory and practice of avtonomizatsion are in the USSR. – Almaty, 1998. – P. 131.
- 9 Kim V.A., Kim G.V. Bases of constitutional right for Republic of Kazakhstan. Almaty, 1998. – P 11-16.
- 10 Eurasian project of union // Sovereign of Kazakstan – 16.06.1996, 1-2 beta.
- 11 American society of International Law. Proceedings of the 77th Annual Meeting. Washington, 1985. – P. 194.